



Как мы учились и дружили раньше. Читайте в материале «50 лет: хронологии жизни студентов КазХТИ»

6-стр



Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» Қазақстан халқының жарқын болашаққа бастайды.

7-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті

№ 6-7 (194-195)

26.06. 2019



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

Талапкер
2019



Құрметті жас талапкер!

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2019-2020 оқу жылына Сіздерді оқуға шақырады.

Бұл университеттің тарихы сонау сұрапыл соғыстың нағыз қайнап тұрған кезінен бастау алады. Бүгінде тек оңтүстікке емес, күллі республикаға, алыс-жақын шет мемлекеттерге танымал оқу орнына тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.Қожамжарова басшылық етеді.

Университетте 2018-2019 оқу жылында 18145 бакалавриат, оның ішінде 13304 күндізгі, 4180 сырттай, 661 кешкі бөлімде білім алды. Бакалаврлардың мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушылар саны - 6085 студент.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде 800-ге тарта студент білім алып жатса, оның 600-ге жуығы мемлекеттік білім гранты негізінде оқуда. Дайындық курсына 170 тыңдаушының 143-і мемлекеттік білім грантының иегері.

Университетте 1182 магистранттың 1038-і мемлекеттік білім гранты негізінде, 133 докторанттың 106-сы мемлекеттік білім гранты негізінде білімдерін арттыруда.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ - үнемі биік белестерден көрініп жүрген оқу орны. Университеттен түлеп ұшып, білім көкжиегін бағындырған түлектер арасында да елімізге белгілі тұлғалар, өз саласының майталмандары аз емес. Олардың қатарындағы З.Тұрысбеков, А.Тшанов, П.Әбубәкіров, Н.Сәрсенов, С.Сейітжанов, Ж.Сұлтанов, В.Колесниченко, М.Жұрынов, Ә.Құртаев, Е.Мұсабеков, Е.Хасанғалиев, М.Жүнісова, Н.Есқалиева, Б.Саттарханов т.б. сияқты есімдері елге белгілі отандастарымыздың біздің университеттің түлектері екенін зор мақтаныш тұтамыз.

Жас талапкер, дұрыс таңдау жасаңыздар, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ға оқуға келіңіздер!



Дұрыс таңдалған мамандық - жарқын болашақ

Заманауи даму жолының болашағы тек техникалық прогресс пен экономикалық өсу деңгейіне ғана байланысты емес. Ол негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге дайын адамның рөліне негізделеді. Бұл жаһандық міндеттерді жүзеге асырудың басты факторы – отандық білім беру жүйесін заманауи халықаралық стандарттар негізінде жетілдіру.

Тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік саяси жүйеге енген Қазақстан Республикасы үшін жас өскелең ұрпақ тәрбиесіне, елдегі білім беру үдерістерін жаңғырту салаларына басты назар аудару заман талабынан туындаған қажеттілікке айналды. Білім саласы дамыған мемлекеттер үлгісіне бағытталып, реформалар жүргізілді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздегі адами капитал сапасының артуына назар аударып, білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызын айқындады. Ең алдымен, білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізіп, оқу орындарын халықаралық стандарттарға негіздеу қажеттілігін, ұстаздар құрамының сапасын жетілдіруді, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құруды айқындады. Осы бағыттағы іс-шараларға «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің ұжымы да өзінің үлесін қосып отыр.

«Заңтану» мамандығы бойынша алғашқы талапкерлерді 1998 жылы «Педагогика және өнер» факультеті қабылдай бастады. 2006 жылы факультет атауы «Заңтану және халықаралық қатынастар» болып өзгертілді.

Факультет, білім беру, ғылым мен инновациялық қызметтің тиімді ықпалдастығы негізінде, қазіргі интел-

лектуалды талаптарға және Қазақстан Республикасының Даму стратегиясына сай кадрлық әлеуетті – жаңа формацияның мамандарын қалыптастыру жолында, алдыңғы қатарлы халықаралық зерттеу университеттерінің деңгейіне бағытталған білім беру бағдарламаларын трансформациялау арқылы халықаралық білім беру кеңістігіне кіру тұжырымдамасын жүзеге асырып отыр.

Факультетте 5В030100 – «Құқықтану», 5В030400 - «Кеден ісі», 5В020100- «Философия», 5В020200 – «Халықаралық қатынастар», 5В050200 - «Саясаттану» мамандықтары бойынша бакалавриат, 6М030100 – «Құқықтану», 6М050200 - «Саясаттану» мамандықтары бойынша магистратура білім беру бағдарламаларын жүргізеді.

Факультет бітірушілері өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінде, әділет министрлігінде, білім және ғылым министрлігінде, сот және прокуратура органдары, кеден органдары мен басқа да құқық қорғау органдарында қызмет етеді.

«Халықаралық қатынастар» мамандығын бітіргендердің негізгі жұмыс орындары болып Қазақстан Республикасының шетелдер ісі министрлігі, облыстар, аудандар, қалалардың ішкі саясат департаменттері, басқа да мемлекеттік және жеке меншік мекемелері мен ұйымдары болып табылады. Факультеттің кейбір бітірушілері өздерінің білімдерін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Қытай, Батыс Еуропа, Америка, Канада, Ұлыбритания және басқа да мемлекеттерде жалғастыруда.

«Заңтану» мамандығының магистранттары Халықтар достығы Ресей университетінде (Ресей, Москва қ.) ТМД Желілік университеті Консорциумы шегінде «Халықаралық құқық» мамандандырылуы бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда.

Факультет деканы Орынтаев Жамбыл Қылуәтұлы – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, факультеттің оқу-тәрбие жұмыстарына көп көңіл ауда-

рып, жан-жақты тәрбие, білім беру, оқыту процестеріне қомақты үлес қосып жүрген азамат. Жамбыл Қылуәтұлы факультет басшылығына келген кезден бастап, өзін жоғары білікті, ой-өрісі кең, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттері жоғары және оқыту технологияларын терең меңгерген, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған озық тәжірибелі маман ретінде көрсетіп келеді.

Факультет басшылығының бастамасымен, екі мәрте халықаралық ғылыми-тәжірибе ұйымдастырылып, әлемнің жетекші ғалымдары шақырылды. Сонымен қатар, дәріс оқу үшін алыс және таяу шет елдердің белді ғалымдары үнемі шақырылып отырады.

Факультеттің профессорлар-оқытушылар құрамы студенттерді ізгілікті демократиялық тәрбиеге баулып, тәрбиенің, білім берудің, оқытудың қоғам үшін қажетті білім жүйесін жан-жақты жарасымды жетілдіруге ат салысып жүрген ғалымдар. Оқытушылардың жаңашылдық ұсыныстары жоғары ғылыми мақалалары импакт факторы жоғары ғылыми басшылықта жинақталып келеді. Сонымен қатар, факультет ғалымдары - монография, оқу құралдары, пәннің оқу-әдістемелік кешендері, электронды оқулық, әдістемелік нұсқаулардың авторлары. Бұл - білім беру саласындағы жемісті нәтиже.

Факультетте студенттердің клубы ұжымдық ойлауға және шығармашылыққа бейімдейтін ғылыми мектеп сипатына ие. Факультет студенттері республикалық, халықаралық дәрежедегі түрлі байқаулар мен конференцияларға жүйелі түрде қатысып отырады. 2017 жылы «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультеті ОҚМУ бойынша үздік факультет номинациясына ие болды.

Факультет мамандықтары 2016 және 2019 білім беру сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде (IQAA) мамандандырылған аккредиттеуден табысты өтті. Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Тәуелсіз қазақстандық

агенттігінің (НКАОКО) Бас рейтингінде және академиялық статистикалық көрсеткіштер, эксперттер бағалауы мен жұмыс берушілердің пікірін ескеруді талдау негізінде, факультет алдыңғы қатарда.

Факультеттің ұсынып отырған оқу бағдарламасының ұтымды жақтарының бірі - талапкерлердің қос дипломды бағдарламаны меңгеруі. М.Әуезов атындағы ОҚМУ ТМД Желілік университет құрылу идеясын қолдап, 2009 жылы Желілік университет Консорциумына еніп, бірлескен магистратура бағыты бойынша ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойған. «Саясаттану» мамандығы бойынша 2014-2015 оқу жылында ТМД Желілік университетіне алғашқы магистранттар қабылданып, магистранттарымыз «Әлемдік саясат», «Халықаралық құқық» бағыттары бойынша, Ресей Халықтар достығы университеті, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты сияқты әріптес Жоғары оқу орындарына жіберілген. Бірінші жылы аталған әріптес оқу орындарында оқып, екінші жылы ОҚМУ-да білім алатын магистрлер үшін қос диплом беріледі.

Құрметті талапкерлер, егер құқықтық, саяси-аналитикалық сараптама жасауға, құқықтық-әлеуметтік құбылыстарды әлемдік үдеріспен ұштастыра отыра талдау жасауға қабілетті маман ретінде өмірге қадам жасап, «кірпіш болып қаланғыңыз» келсе, перспективасы жоғары мамандыққа ие болғыңыз келсе, 5В030100 – «Құқықтану», 5В030400- «Кеден ісі», 5В020100 - «Философия», 5В020200 – «Халықаралық қатынастар», 5В050200 - «Саясаттану» мамандықтары бойынша бакалаврлық және магистрлік оқу бағдарламаларын меңгеруге шақырамыз.

Жамбыл Қылуәтұлы ОРЫНТАЕВ,
«Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Дина Сүйіндікқызы НУРПЕЙСОВА,
«Философия және мәдениеттану» кафедрасының аға оқытушысы

Отанды қорғау - борышымыз

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының міндеті және қасиетті парызы. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет екендігін барша әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – жас ұрпаққа білім беру мен тәрбие ісі. Қазақстанды «Отаным» деп таныған әрбір азамат өз еліне мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Жасампаз ұрпақтың бойына отансүйгіштіктің үлгілерін сіңірту, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдени мұраларымыз негізінде тәрбие, тәлімін ұсыну – біздің оқытушы-ұстаздардың парызы.

Тәрбиенің мақсаты – шәкірттің рухани өсуіне жол ашу, ал рухани өсу дегеніміз – кісілік қасиеттерді дамыту, саналы өмірге араласу сезімдерін қалыптастыру, ең бастысы, өз елін, жерін сүйетін, туған топырағының кешегісін бүгінгімен, бүгінгісін ертеңімен жалғастыра алатын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда отбасынан басталатын Отанымыздың ертеңгі азаматтарын тәрбиелеу ісі басты назарда тұр. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор екендігі бүгінгі күн қажеттілігінен туындап отыр. Еліміздің болашағы саналатын жас ұрпақты елжандылыққа, өз Отанының адал азаматы болуға ұлттық, халықтық тұрғыда тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы», - деп айтып кеткен еді. Білімсіз



тәрбие беру мүмкін емес, ал білім тәрбие арқылы ғана бойға сіңетінін атап көрсеткен.

Отанын қорғау – әр адамның борышы. «Ерлік істердің бәрін бізге дейінгі ата-бабаларымыз жасап қойыпты. Бізге қалған ештеңе жоқ екен» деп ойлауға болмайды. Қаһармандыққа бүгінгі күнде де орын бар. Сондықтан отаншыл сезімдеріміз әрқашан биік болуға тиіс. Бүгінгі ұрпақ отансүйгіштікті, бейбіт өмірді, өз жері мен елін қорғауды алдыңғы буыннан үйрене

алады. Оған мысал жетерлік. Атап айтатын болсақ, олар – қазақ елінің бостандығы үшін болған Аңырақай шайқасы, фашизмнің бұғауынан құтқарған Ұлы Отан соғысы. Сұрапыл Ұлы Отан соғысында қазақстандық азаматтар қан майданда қару ұстаса, тылда әйелдер мен балалар зауыттар мен фабрикаларда, ауыл шаруашылығында күндіз-түні аянбай еңбек еткені бәрімізге белгілі.

Полковник Ж.Кенжебаев басқарып отырған М.Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан мемлекеттік университетінің әскери кафедрасында «Отанды қорғау деген кәсіп бар» атты тақырыпта кеш өтті. Бұл кешке Халық қаһарманы, полковник Қайрат Үмбетов қатысты. Ол курсанттарымызға Жастарды патриоттық рухқа тәрбиелеу үшін үлкендердің үлгі болуы аса маңызды екенін, патриоттық сезімдерге адал болуын айтып өтті. Әскери кафедра курсанттарына халық қаһарманымен жүздесу, сұрақ қойып, пікірталастыру үлкен ғанибет және абырой болды.

Кеудесіне екі мәрте батыр медальдарын таққан Талғат Бигелдинов, қазақтың қос қарлығашы Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың аттарын аса құрметпен және мақтанышпен айта аламыз. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның құрамында соғысып, кейіннен оның командирі болған, аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының ерліктері көптеген кітаптарға арқау болып, жастарды отансүйгіштік пен батырлыққа шыңдауға септігін тигізгенін көпшілік жақсы біледі. Бүгінгі таңдағы әрбір адамзаттың тілегі – бейбіт өмір. Сол бейбіт өмірді сүру үшін патриоттық сезімімізді жоғары қойып, Отанымызға адал қызмет етіп, қорғай білейік.

Ж.О.ШАБДІКЕРІМ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасының жоғары білікті маманы, оқу шебері



Мамандық таңдау – адам өмірінің ең күрделі де жауапты қадамдарының бірі, яғни болашақ өмірдің мәні деуге болады. Мамандықты дұрыс таңдау дегеніміз – бұл өмірде белгілі бір орынға ие болу. Оқушы болашақ өмірінің мазмұны мамандықты дұрыс таңдауына байланысты екендігін жақсы түсінген жөн. Оқушылардың мамандық таңдауына әсер ететін әлеуметтік факторлар қатары: бұқаралық ақпарат құралдары (газет, журнал, телебағдарлама); педагогикалық ұжым: сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, оқу ісінің меңгерушісі және мектеп басшысы; жанұя; достық қарым-қатынас; оқу пәндері; еңбек өндірісі мен қоғамдық пайдалы жұмыстар; сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар бола алады.

Мамандықты таңдау туралы бала сонау мектеп жасына дейінгі кезеңнен-ақ ойлана бастайды. Өсе келе, ол нақты соңғы шешімі пісіп жетілгенге дейін бірқатар өзгерістерден өтеді. Адам балалық шынайылықтан әлеуметтік есеюге дейінгі жылдардан өту барысында бірнеше өтпелі кезеңдерден өтеді. Әрбір кезеңде мамандықты таңдаудың әр түрлі принциптеріне басшылық жасайды.

Эстон ғалымы М.Титма жасөспірімдердің мамандықты таңдау кезінде кездесетін мәселелерді жан-жақты зерттей келе, қоғам құратын ситуацияцияларға талдау жасау негізінде бұл процестегі таңдаудың 5 сатысын көрсетеді.

Таңдаудың бірінші сатысы 9-сынып бітіру кезеңінен басталады.

Мұнда жасөспірім қандай да бір кәсіби орындарын (кәсіби оқу орны, колледж) таңдау немесе жалпы білім беретін мектептерде оқуды жалғастыруды таңдау керек.

Таңдаудың екінші сатысы: орта мектепті бітірген соң арнайы білім алуды таңдайды.

Таңдаудың үшінші сатысы кәсіби саланы анықтау болып табылады. Кәсіби сала бірнеше мамандықтарды қамтитын іс-әрекеттің сферасын қамтиды. Мысалы, заңгер (кәсіби сала) - адвокат, прокурор, нотариус, сот, т.б. мамандық иесі бола алады.

Таңдаудың төртінші сатысы – мамандық таңдау.

Таңдаудың бесінші сатысы – нақты жұмыс орнын таңдау.

Мамандық таңдауға байланысты Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басы-

на да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істелген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ», — дейді. Сол себепті мамандық таңдау маңызды және бұл мәселе өзекті болғандықтан жан-жақты қарастырылуы керек.

Осы жағдайларды есепке отырып, жаратылыстану ғылымдары бағытында ғылыми қызметкерлер болуды мақсат еткен немесе өз болашағын ұстаздық мамандыққа арнағысы келетін талапкерлерге «Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» жоғары мектебі туралы мәліметтер береміз.

«Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» жоғары мектебі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-математика бағытындағы педагогтар мен ғылыми кадрларды даярлайтын алдыңғы қатарлы құрылымдық бөлімі болып табылады. А.Байтұрсынов көшесінің бойындағы №7 оқу ғимаратында орналасқан біздің жоғары мектепте 1051 студент, 205 магистрант және 24 докторант білім алууда. Студенттер контингенті Қазақстан Рес-публикасы аумағынан бөлек алыс және жақын шетелдерді қамтиды: 144 шетелдік студент білім алууда. Олардың сапалы білім алып бәсекеге қабілетті мамандар болып шығуы, үшін Жоғары мектепте ғылыми-педагогикалық қызметпен 112 профессор-оқытушылар мен 24 оқу-көмекші персоналдар айналысады, олардың ішінде 12-сі ғылым докторлары, профессорлар, 42-сі ғылым кандидаттары, доценттер, 4-еуі PhD-докторлар, 54-і магистр, аға оқытушылар мен оқытушылар. 19 профессор-оқытушының ғылыми жарияланымдарының

Мамандықтың жаманы жоқ...

әлемдік қолданылуының көрсеткіші болатын Хирш индексі бар. Жоғары мектепте педагогика саласында мамандар дайындауда және өздерінің ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша елімізге танымал Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, п.ғ.д., профессор Д.Рахымбек, п.ғ.д., профессор С.А.Жолдасбекова, п.ғ.д., доцент А.Саипов және ғылыми бағыттары бойынша әлемдік ғылымда есімдері белгілі ғалымдар ф.-м.ғ.д., профессор Ә.Ш.Шалданбаев, ф.-м.ғ.д., доцент Е.А.Нысанов, ф.-м.ғ.д., профессор Н.Қ.Аширбаев, х.ғ.д., профессор А.П.Ауешов, ф.-м.ғ.д., доцент Тұрманбеков Т.А., х.ғ.д., доцент А.Б.Өтелбаева, м.ғ.д., профессор С.Қалқабаева және т.б. еңбек етуде.

Жоғары мектептің ғылым докторлары мен профессорлары Д.Рахымбек, С.А.Жолдасбекова, Н.Қ.Аширбаев, А.Саипов, А.П.Ауешов, Ә.Сәрсенби ғылым кандидаттары мен доценттері К.А.Қабылбеков, А.А.Юнусов, Р.Б.Бекмолдаева, М.Н.Ермаханов, Ю.Н.Камалов, И.Оразов, Г.М.Адырбекова, Н.К.Мадияров, Г.Ш.Омашова, Н.Сайдуллаева, Л.Айкөзова, П.Дүйсебаева, К.Құрбанбеков - ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындайтын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушылары» конкурсының жеңімпаздары.

Қазіргі таңда Жоғары мектепте 13 мамандық бойынша бакалавр, 10 мамандық бойынша магистратура және 4 мамандық бойынша PhD докторантура мамандары даярланады. Келешекте орта мектептер мен зияткерлік мектептерде көп тілде білім беретін заманауи педагогтарды даярлау мақсатында Жоғары мектептің 5B010900-Математика, 5B011000-Физика, 5B011100-Информатика, 5B011200-Химия, 5B011300-Биология мамандықтарында ағылшын арнайы топтары ашылған.

Жоғары мектеп мамандықтарының ҚР ЖОО-ның тәуелсіз рейтингі бойынша көрсеткіштері

№	Мамандық атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
1	5B010900-Математика	1	3	3
2	5B011000-Физика	1	1	1
3	5B011100-Информатика	1	2	2
4	5B011200-Химия	5	2	1
5	5B011300-Биология	-	3	1
6	5B012000-Кәсіптік оқыту	2	2	1
7	5B060100-Математика	3	4	4
8	5B060200-Информатика	3	3	4
9	5B060400-Физика	2	3	3
10	5B060600-Химия	2	3	4
11	5B060700-Биология	3	3	3

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР) өткізген ұлттық рейтингте Қазақстан Республикасы ЖОО-лары профессор-оқытушылар құрамының бас рейтингісіне (ТОП-50) енген «Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» жоғары мектебі, «Математика» кафедрасының профессорлары Оразов Исабек – 43 орын, Аширбаев Нұрғали Құдиярұлы 46 орында тұр.

Болон процесінің міндетті параметрінің бірі ретінде студенттерге академиялық ұтқырлық тұрғысынан республика оқу орындары мен алыс-жақын шетел оқу орындарында білім алмасу қарастырылған. Жоғары мектептің үздік студенттері мен магистранттары АҚШ, Англия, Германия, Польша, Чехия, Латвия, Малайзия және т.с.с. елдердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бойынша білімдерін алмасуда. Ішкі академиялық ұтқырлық бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ және т.б. еліміздің белді жоғары оқу орындарында бір семестрге білім алуына мүмкіндік жасалған.

Ғылыми-зерттеу үйірмелері, көңілді тапқырлар клубтары, студенттік көркемөнерпаздар және спорттық үйірмелері студенттердің сабақтан бос уақыттарын тиімді өткізуге септігін тигізеді.

Студенттерге әлеуметтік жағдай барынша жасалған. Соңғы үлгідегі кітапхана, электронды оқу залы, ресурсты орталық, тегін интернет, акт залы, спорт залы, дәрігерлік кабинет, асхана, соңғы үлгіде салынған 5 қабатты заманауи жатақхана, міне, осылардың барлығы студенттердің алаңсыз білім алуына жағдай жасайды.

Жоғары мектеп студенттеріне білім беру үшін университетке жыл сайын алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орындарынан білікті мамандар шақырылып тұрады.

Студенттеріміз - көптеген халықаралық, республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары. 2019 жылғы XII республикалық пәндік олимпиада қорытындысы бойынша жоғары мектеп мамандықтары мынадай жүлделі орындар иеленді: Кәсіптік оқыту - 2 орын; Математика - 2 орын; Физика - 3 орын; Химия - 3 орын; Информатика - 2 орын.

Бітірушілеріміз түгелге жуық білім беру және әлеуметтік салаларда жемісті еңбек етіп жүр. Таланттарымен, білімдерімен елге танылып, басшылық қызмет атқарып жүргендері де қаншама.

Құрметті достар, талапкерлер! Болашақта заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман боламын десеңіздер, біздің жоғары мектепке келіңіздер!

Нұрлыбай МАДИЯРОВ,
«Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» жоғары мектебінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жастар – ел ертеңі

Жастар - дегеніміз келешек, ертеңгі қоғамның қозғаушы күші, қоғамды, мемлекетті дамытушылар...

Біздер жастарға үлкен үмітпен, сеніммен қараймыз.

Бала шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, ата-ана баласына дүниедегі жақсылық атаулыны тілеп, перзентінің келешегінен ерекше үміт күтіп өсіреді.

Жастарға деген тәлім-тәрбиенің негізі өз жанұясынан бастау алып, мемлекеттің негізгі ұйымдарынан жалғас табады. Мектеп, арнаулы оқу орындары, жоғары оқу орны – бәрі де жастарға оң көзқараспен қарап, білімнің негіздеріменен қатар тәлім-тәрбиенің негізгі бағыт-бағдарын жастардың бойына, санасына сіңіріп, әсер етуші болып саналады.

Бесікте айтылған әлдіңді жалғасы есейе келе үлкен мағынаға ұласады. Білімді, өнегелі, жігерлі, еңбекқор, әділ, қарапайым, қайырымды, ұстамды, сөзі мен ісі бір жерден

шығатын нағыз қазақи мінез-құлықты болған жастар - келешектің тірегі.

Тәртіпті, тәрбиелі болу - адамгершіліктің биік сатысы.

Білімді де тәрбиелі болу - келешектің негізгі күші, ұқыпты, өнегелі жастар - халықтың үміті мен арманы.

Біздер жоғары оқу орнында білімнің негіздерін, тәртіптің ұйытқысын бердік. Жастар, келешекте сіздер Отанымыздың экономикасының жоғары көрсеткішке жетуіне үлес қосуға тиіссіздер!

Қазақстанның гүлденіп, өркендеуі, бәсекеге қабілетті ел болуы, жастарға байланысты.

Шынар ҚАРАБАЕВА, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы

Өмір жолы

*Бұл өмір жалған, тұратын ылғи сынақтан,
Бұл өмір жалған, пенделік қол бұлған тұратын,
Шатассаң, әлде шет бассаң, өзіңді үгіме,
Қол жайсаң, Тәңір кешірім беред жүрекке,
Таңдай біл айыр жол ақ- қарасын,
«Сынаққа» да адам сынап қарасын,
Кудікшіл, құмбыл болма секемеденіп,
Сол сынақ берер адамға хақ өмір бағасын.*

Құлаим МУРАТБАЕВА, Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің маманы



Дене тәрбиесі және спорт факультетіне оқуға келіңіздер

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Дене тәрбиесі және спорт» факультетінде 5 бағытта мамандықтар даярланады. Олар: Бакалавр 5B010300- «Педагогика және психология», 5B010400- «Бастапқы әскери дайындық», 5B010500- «Дефектология», 5B010800- «Дене шынықтыру және спорт», 5B010400 - «Психология» және магистратура 6M050300-Психология бойынша.

Студенттерге білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізіледі. Кредиттік технология, сапа менеджменті, Болон процесі деген білім беру саласындағы жиі қолданатын сөздер академиялық ұтқырлық, профилді оқыту, дуальді білім беру, білім беру бағдарламасы деген әлемдік білім беру кеңістігіндегі терминдермен ұласып, осы тұрғыда факультетте заманауи үлгідегі жұмыстар атқарылуда. Барлық мамандықтардың студенттеріне Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында, жақын және алыс шет елдердің университеттерінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндігі бар. Биылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында 5B010500 - «Дефектология» мамандығы бойынша ФК-16-2Р тобының студенті Садыкова Шахиста Польшаның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны - Лодзь университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуын жалғастырып келсе, қазіргі кезде Ламаева Фируза Ресейдің Томск мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алууда. Бұл - студенттердің тәжірибе алмасуы мен ой-өрістерін кеңейту үшін берілген тамаша мүмкіндік. 2017-2018 оқу жылы 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс студенттері Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде және де басқа Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бойынша оқып келді.

«Психология және дефектология» кафедрасының аға оқытушысы Гульнара Айтжанова 2017 жылдың 5-29 желтоқсан аралығында Израиль қаласында «Integration of the disabled children in the normative educational frames» тақырыбы бойынша біліктілігін арттырып келді. Бұл, әрине, заманауи тұрғыда ғылым мен білім беру са-

пасын арттыруға әлемдік деңгейде шынайы серпін берері анық.

Желтоқсан айының басында «Психология және дефектология» кафедрасы «Инклюзивті білім беру» тақырыбында облыс көлемінде инклюзивті білім беру бойынша семинар-тренинг өткізді. Семинардағы лектор Абай атындағы ҚазҰУ-дің «Арнайы педагогика» кафедрасының оқытушысы, PhD докторы Л.Бутабаева болды. Семинар-тренингте инклюзивті білім берудегі әртүрлі тарихи және заманауи көзқарастар, инклюзивті педагогиканың модельдері мен принциптері, мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі категориялары мен педагогтардың жұмыс жасау ерекшеліктері талқыланып, талданды. Семинар қорытындысында барлық қатысушылар арнайы сертификаттарға ие болды. Семинар ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен университетіміздің базасында ұйымдастырылған «Менеджмент және кадрларды даярлау саласындағы халықаралық стандарттар негізінде педагогикалық мамандықтар бойынша отандық және шетелдік мамандардың оқытуы» бағдарламасы аясында өткізілді.

Бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша, дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша 2-3 курс студенттерінің әскери кафедрада оқып, запастағы офицер шенін алуға басқа мамандықтағы студенттерге қарағанда артықшылықтары бар.

Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша факультетте оқитын студенттер саны 900 болса, оның 114-і - спорттың түрлі саласы бойынша спорт шеберлері және спорт шеберіне үміткерлер.

Факультет түлектері А.Юсупова, Б.Сағтарханов, М.Ділдабеков, Е.Шыналиев, Е.Шалыгина, А.Важенина, А.Подрядова, Б.Жакипов, Н.Мамаев, А.Мишук, Ж.Жаппарқұл, Ж.Алдабергенова, А.Абдразақ - олимпиада ойындарының, әлем чемпионаттарының жеңімпаздары.

Қазіргі кездегі біздің мақтанышымыз - Есенкелді Нұрәділ, Әлментай Бақдаулет, Музаппаров Ерсұлтан, Көшкенбек Нұрдәулет, Дина Исламбекова, Шауқатов Жавлан, Үсенова Гульмира, Есенкелді Лаура, Келесбай Даурен Абдурахманов Бақытжан, Айхынбай Шалқар, Д.Мелдебек, Заурбек Султан, Ташбулатов Дастан.

Ал соңғы күндердегі спорттағы біздің жетістіктерімізге келсек, Азия чемпионатында спорттың қол күресі бойынша 70 кг салмақта Көшкенбек Нұрдәулет 1-орын алды. Шауқатов Жавлан 83 кг салмақта Почеструм қаласында жасөспірімдер арасында сайысқа түсіп, өзінің қарсыластары болған ресейлік Евгения Вахрушева және Жапониядан келген спортшы Ишизаки Татсумилерді жеңіп, әлем чемпионы атанды. Есенкелді Лаура XVII халықаралық турнирде 1-орын алды. Айта кетейік, 11-наурызда Украинада бокстан өткен халықаралық турнирде бұл студентіміз 2-орын иеленген болатын. Германияның Бремен қаласында спорттың дзюдо түрі бойынша шеберлік турнирінде 1-курс студенті Абдурахманов Бақытжан 3-орын алды. Музаппаров Ерсұлтан 82 кг салмақта әлем чемпионы және «Еуразия барысы-2017» халықаралық турнирінде 1-ші орынды иеленді. Міне, осылайша факультеттегі студенттеріміз, күнге деп айтуға болады, түрлі жарыстарда алдыңғы қатарлы орындарды алып келіп жатады.

Бұл көрсеткіштер бір жағынан университеттегі білікті оқытушы-профессорлардың нәтижелі жұмыстары арқасында болса, екінші жағынан материалдық техникалық жабықталуымыздың жоғары дәрежеде болуынан болса керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандығы студенттері үшін, жалпы спорт түрлерімен айналысушы ОҚМУ студенттері үшін «Буревестник», «Денсаулық» спорт кешендері, жыл бойы

үздіксіз жұмыс істеп тұрған 50 метрлік жүзу бассейні, жеңіл атлетика манежі, 4 ойын залы, гимнастика залы, 4 ашық спорт алаңы, 2 стадион, 2 теннис корты, 2 күрес, 2 бокс, 2 ауыр атлетикаға арналған залдар бар. Спорттың 21 түрінен спорттық секциялар жұмыс істейді.

«Дене тәрбиесі және спорт» факультетінің маман дайындайтын 4 кафедрасы НКАОКО және ННААР бойынша 1-ші және 2-ші орындарды иеленді. Яғни, ННААР рейтингі бойынша факультеттің 5B010400-«Бастапқы әскери дайындық» мамандығы 1-орын, НКАОКО – 2017 рейтингі бойынша факультеттің 5B010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5B010500-«Дефектология» мамандықтары 1-орын, 5B010800-«Дене тәрбиесі және спорт» және 5B010300 –«Педагогика және психология» мамандықтары 2-орындарды иеленді. Бұл, әрине, республика бойынша үлкен жетістік.

Жыл сайын университеттің ғылыми Кеңес шешімімен факультет студенттеріне университеттен 50 грант бөлінсе, биыл университет бойынша түрлі жеңілдіктерге 500-ге тарта студенттер ие болды. Біздің факультеттен спортшы студенттер және денсаулығында мүкесі бар, ата-аналарының біреуі жоқ, күнкөрісі төмен студенттер, ауру ата-анасы бар студенттер, жанұясында табысы аз студенттер әр түрлі деңгейдегі пайыздық жеңілдіктер алып келеді.

Университеттегі «Әскери кафедрада» оқитын студенттердің ең көбі - біздің факультет студенттері.

Құрметті мектеп бітірушілер, бүгінгі күннің келешектің мамандығын дайындайтын дене тәрбиесі және спорт факультетіне оқуға келіңіздер.

Ә.Ә.ЖОЛДАСБЕКОВ, пед. ғыл. докторы, профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың дене тәрбиесі және спорт факультетінің деканы

Ұстазыма

Арманға мені әлдеген,
Мақсатты айқын дәлдеген.
Жолымды оған жететін
Біліммен сізсіз әрлеген.
Жастарға жаршы жалынды,
Сөздері етер жанды елең.
Еліне адал патриот
Бағалар құнын жанменен.
Нагима Ауелбековна...
Арнадым сізге мәңгі өлең.
Бәрі үшін үлкен рахмет
Жеткіздім ойды әнменен!

Білімге жұмсап уақытты,
Тәліммен өткен күніңіз.
Ұзақ та мәнді, бақытты,
Риясыз өмір сүріңіз!

Келгенде алғаш көшке еріп,
Қарсы алып бізді дос көріп.
Жүзінен шырай танытқан
Қуанып, күліп, қош көріп.
Жаратқан риза болсыншы,
Еңбегін ерен ескеріп!
Бұл өлең-жырым жолдаған,
Шәкірттен өзі қолдаған-
Өшпейтін мәңгі естелік!

Қуттыбек АБДУЛАЗИМОВ,
ХТ-18-7к1 тобының студенті,
Н.ЕСИМХАНОВА, жетекшісі, п.ғ.к.,
доцент каф. ПОТТМ бойынша

Жарқырасын жастар!

Жарқыра, жастар, жалында,
Биылғы «Жастар» жылында.
Өзіңді көрсет, талаптан
Қолдаушы басшың барында.

Сенімін елдің ақтаған,
Халықтың сөзін жақтаған.
Жалынды жастар бүгінде
Ел батыры болар мақтаған.

Назардың бәрі жастарда
Мүмкіндік қой бұл жастарға.

Осыдан өрен шабыт ал,
Жаңа бір істі бастауға.

Рухани жаңғыр, ерінбе,
Ертеңі елдің ерінде.
Сендермен жарқын күніміз
Жұлдызың жансын көгімде.

Қанатты жастар барында,
Ешкімге, халқым, жалынба.
Атсын деп таңым арайлап,
Жарқыра, жастар, жалында!

Ж.Ә.ҚҰЛАНОВА, «Құрылыс және көлік» факультеті,
«Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау»
кафедрасының аға тәлімгері,

Б.Е.ЖАКИПБАЕВ, Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы

Аңыздар туралы аңыз

Болған ба бұл ғаламда махаббат, болмаған ба,
Мұңлық зарлап, Зарлық салған ән жалған ба?
Берген бе, бермеген бе Тәңірісі,
Адамдардың жүрегіне шын махаббат?

Мұқағали жазған жыр бар,
Жай ғана бір сөз бе екен?
Абай жазған махаббат ән,
Өткен күннен сыр ма екен?
Жазған ақын тебіреніп,
Айтқан өлең жай ғана,
Адам үшін уақыт өтіп,
Ұмытылар үн бе екен?

Қозы Көрпеш - Баян сұлу аңыз үшін жаратылған
жандар ма?
Төлеген мен сұлу Жібек сүйгендер ме аңыз үшін жай
ғана?
Айша бибі мазараты тұр ғой мұңлы сыр айтып,
Махаббаттың зарлы үнін жеткізе алмай жалғанға.

Өмір ғой бұл махаббатпен өрнектелген,
Өлеңдемей ол сезімге сөз жетпеген,
Ақындар ғасыр бойы жырласа да,
Толқуынан ол сезімнің мән кетпеген.

Құлаим МУРАТБАЕВА, Тәрбие ісі және жастар
саясаты департаментінің маманы

ҰСТАЗДЫҢ БИІК МЕРЕЙІ

Ғылым дейтін ұшы-қиыры жоқ кеңістікте өзіндік қолтаңбасын қалдырып, айналасына білімнің шамшырағын жағып жүрген, «дария-кеуде, тау-мүсін» тұлғалар аз емес. Солардың бірі - техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі Тілеуов Әлібек Спабекұлы. Ол 1949 жылдың 15 сәуірінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгір (қазіргі Төле би) ауданының, Қазақстан елді мекенінде дүниеге келген. 1974 жылы Қазақ химия-технологиялық институтын «Электротермиялық өндірістердің технологиясы» мамандығы бойынша бітіріп, сол жылы «Фосфор» Шымкент өндірістік бірлестігінде еңбек жолын бастайды. 1975 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін үздіксіз М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде қызмет атқарып келеді.

Өзінің бай практикалық тәжірибесін, терең ғылыми білімдерін және ұйымдастырушылық қабілеттерін Тілеуов Әлібек Спабекұлы университетте жемісті еңбек ету негізінде қалыптастырды. Ол 1992-1996 жылдары сырттай оқу факультеті деканы қызметін табысты атқарды. Оның тікелей қатысуымен алғаш рет 1996 жылы университетте «Тамақ және қайта өңдеу технологиясы» бағыты бойынша факультет ашылып, осы факультеттің алғашқы деканы болып Әлібек Спабекұлы тағайындалды.

2012 жылы Ә.С. Тілеуовтың белсенді ат салысуымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 6D072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы және 6D072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін қорғау бойынша диссертациялық кеңесі ашылып,

бүгінгі күнге дейін осы кеңестің төрағасы қызметін атқарып келеді.

Профессор Ә.С. Тілеуов ғылыми жұмыспен белсенді түрде айналысады. Ол - химия, мұнай химиясы және металлургия өнеркәсіптерінің техногенді және табиғи қалдықтарын қайта өңдеп, кәдеге жарату аймағы бойынша зерттеуші, белгілі ғалым. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен жүргізілген ғылыми жұмыстар Қазақстан өнеркәсібінің негізгі салаларының өзекті приоритетті даму бағыттарына сәйкес жүргізіледі. Еңбек жолының көп бөлігін аспиранттар, магистранттар және докторанттарға арнап, оларға ғылыми жетекшілік жасап келеді. Соның ішінде 2 ғылым кандидаты, 18 магистрлік, 4 PhD докторлық диссертацияларға жетекшілік еткен.

300-ден аса әдістемелік-ғылыми еңбектердің авторы. 12 оқулық пен оқу құралдары, 18 авторлық куәліктер, патент және алдын ала патенттер, 4 монографиясы жарыққа шықты. Шетелдік импакт-факторы жоғары басылымдарда 9 мақаласы жарық көрген.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі нәтижелері алыс және жақын шетелдерде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған.

Әлібек Спабекұлы мамандарды даярлаудағы көп жылғы жемісті жұмысы, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқаны үшін, 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Құрмет грамотасы, 2008 және 2018 жылдардың «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері, 2009 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2018 жылы «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталды.

2010 жылы БЖҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми дәреже мен атағын беру бойынша сараптау кеңесінің мүшелігінде елеулі еңбек атқарды.

Әлібек Спабекұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар қоғамдық, оқу-әдістемелік және тәрбие беру жұмыстарымен де тығыз айналысады. Ол - «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің инспекциялық комиссиясы, университет ғылыми техникалық кеңесінің мүшесі, «Оңтүстік Қазақстан ғылым жаршысы» журналының редколлегия мүшесі. Мемлекеттік тілде бакалавриат және магистранттар үшін оқулықтар мен оқу құралдарын шығарып, көптеген зертханалық жұмыстарды және курстық жобаларды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар жасаған.

Әлібек аға — отбасының ұйытқысы, қамқоршы, үлгілі әке. Жұбайы Салтанат Тәліпқызы екеуі — 2 перзентінен тараған 6 немеренің ақылшы ата-әжесі. Үлкен немересі магистр болса, одан кейінгісі Жібек - ОҚМУ-дың студенті, қалғандары - мектеп оқушылары. Барлығы да келешектен үміт күттіретін оқу озаттары.

Ендеше, еліміздің туын биікке көтерер білімді де білікті, адамгершілігі жоғары жастар тәрбиелеу жолында үздіксіз қызмет етіп жүрген ұлағатты ұстаз Әлібек Спабекұлын 70 жасқа толған мерейтойымен ел болып құттықтап, деніне саулық, еңбекте тың табыстар, отбасына бақ-береке тілейміз және де мына жыр шумақтарын Сізге арнаймыз!

Әлібек аға,

Құтты болсын 70 деген жасыңыз,

Сексен жастың сеңгірінен асыңыз.

Білім және ғылым деген теңізден,

Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!

Таулы аймақта дүниеге келгенсіз,



*Шәкірттерге білім нәрін бергенсіз.
Көп ізденіс арқасында шаршамай,
«Үздік оқытушысы» грантына жеткенсіз.
Елімізде сан құрметке лайықсыз,
Жас ұрпаққа ғылым жолын жайытсыз.
Техникалық ғылымдардың қыры мен,
Сырларын да жетік біліп, байыттыз.
Елу жылдай еңбек етіп келесіз,
Шәкірттерге сапалы білім бересіз.
Қай істе де ат салысып белсенді
Әр еңбектің тек жемісін көресіз.
Шын жүректен тілек айтып бәріміз,
Арналады сізге тілек, әніміз.
Қазынасы елімінің қарт емес пе,
Жақсы ұстазбен кірер біздің сәніміз.
Өмірдің белесінен табысты өтіп,
Бүгінде өркен жайған бәйтерексіз.
Үстем болсын әрқашан мерейіңіз,
Барлығына әр уақыт Сіз керексіз.
Келдіңіз, міне, бүгін 70 жасқа,
Жария боп атыңыз алты Алашқа,
Жүзге жетіп жүріңіз ортамызда,
Елімізде үлгі болып барша жасқа.
Шәкірттерге жақсы ұстаз - мақтанышы,
Ат салысып «ОҚМУ»-дың ақ таңы үшін.
Жүз жасап, еш қартаймай жүріңіз,
Бұл өмірде тек бақытты сүріңіз!*

Д.Т.ПАЗЫЛОВА, «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының докторанты



КЕЛЕШЕГІ ЗОР МАМАНДЫҚ

Уақыт көші алға жылжып, жыл сайын әрбір орта мектепті бітірген тағы бір толқын үлкен өмір арнасына келіп қосылып отырады. Әрине, әркім - өз өмірінің сәулетшісі. Десе де, жас түлектердің таңдаған мамандығы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат тұтқан еліміз үшін де маңызды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дәстүрлі Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ұсынып, жастарға техникалық білім беруге баса назар аударғаны белгілі. Индустриалды-инновациялық дамуға бет бұрған бүгінгі кезеңде сұранысқа ие мамандықтарға басымдық беріліп отыр.

Ал жақсы мамандықты оқып, игеру үшін бәсекеге қабілетті, білімді де білікті мамандар даярлауда үздіксіз ізденіс жолындағы, іргелі оқу орнын таңдау керек екені анық. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары жүйесінің көшбасшылары арасында үшінші орын иеленген, 75 жылдан астам тарихы бар М.Әуезов атындағы ОҚМУ - сіздерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ - өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Университет жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, өндіріске енгізетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылым, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізге ие.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ жұмыс берушілердің ғаламдану шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс жүргізуде.

Механика факультеті 1958 жылы ұйымдастырылып, 1999 жылы Құрылыс факультеттерінің бірігуі нәтижесінде бірыңғай Механика-құрылыс факультеті болып ашылды.

2002 жылы университет құрамында «Мұнай мен газды өндіру және өңдеу» факультеті құрылды. 2006 жылдың тамыз айынан «Мұнай мен газды өндіру және өңдеу» факультеті М. Әуезов атындағы университет құрамындағы «Мұнай және газ» институты болып қайта құрылып, 2011 жылдың наурыз айынан білім беру сапасын жақсарту мен мамандарды дайындаудың тиімділігін арттыру мақсатында «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті болып қайта құрылды.

Факультет құрамында 5 кафедра бар.

1. Механика және машинажасау кафедрасы;
2. Мұнайгаз ісі кафедрасы;
3. Технологиялық машиналар және жабдықтар кафедрасы;
4. Стандарттау және сертификаттау кафедрасы;
5. Техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика кафедрасы.

Факультеттің миссиясы

- машинажасау және мұнайгаз ісі өндірісіндегі жоғары технологиялық және ғылымға негізделген өндіріске қажетті бүгінгі нарық талаптары мен халықаралық стандарттарға жауап беретін мамандар даярлау;

- заманауи білім беру технологиялары мен енгізу мен факультеттің оқытушы-

профессорлық құрамының оқу-әдістемелік қызметін үнемі жандандыру негізінде тұтынушылар талабына сай келетін мұнай-газ және машинажасау мамандықтары бойынша жоғары білікті мамандар, бакалаврлар және магистранттарды дайындау;

- факультет түлектерінің ғаламдық білім беру қызметі нарығындағы және Қазақстан Республикасының кадрлар нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

- білім, ғылым және өндірісті интеграциялау мақсатында факультеттің оқытушы-профессорлық құрамының ғылыми-зерттеу қызметі деңгейінің ұдайы өсуін қамтамасыз ету;

- мұнай-газ және машинажасау саласы бойынша мамандар дайындау сапасын арттыруға бағытталған бірлескен іс-әрекет жасау мақсатында батыстық жетекші университеттермен өзара тиімді әріптестік орнату арқылы әлемдік білім беру үдерісіне етене араласу;

- мұнай-газ, мұнай-химия, азық-түлік, фармацевтикалық, металлургиялық, атомдық, химиялық және ауылшаруашылық кәсіпорындардың стандарттау және сертификаттау қызметтері;

- кен қолданылатын тауарлар өндірісі мен қызмет көрсету бойынша кәсіпорындарды инспекциялаудың мемлекеттік органдары мен қызметтері (мемлекеттік қадағалау және бақылау, салық қызметтері);

- импортталатын тауарларды сертификаттаудың кедендік қызметі;

- сауда, тамақтану кәсіпорындары мен ұйымдарын инспекциялау және бақылау органдары (мемлекеттік қадағалау және бақылау, санитарлы-эпидемиялық бақылау, өрт қауіпсіздігін бақылау органдары);

- өндірістік практиканы ұйымдастыру және одан кейін жұмыспен қамтамасыз

ету мақсатында өндіріспен – жұмыс берушілермен байланысты кеңейту;

- іргелі техникалық білімдерін жоғары адамгершілік, рухани және патриоттық қасиеттермен ұштастыра білетін мамандар дайындау.

Қазіргі таңда факультеттің 5 кафедрасында оқытушылар құрамының жалпы саны 108 болса, олардың ішінде 15 ғылым докторы, профессорлар, 39 ғылым кандидаты мен доценттері бар.

«Механика және мұнайгаз ісі» факультетінде 4 білім беру бағдарламасы бойынша 10 мамандандыру бакалавр, 4 білім беру бағдарламасы бойынша магистр және 1 білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторларын дайындайды. Қазіргі кезде факультет бойынша 860-тан аса студент білім алуға, оның ішінде 602 студент мемлекеттік білім грантында оқиды.

Барлық студенттер оқу-әдістемелік әдебиеттер қорымен, компьютерлік бағдарламалармен және сыныптармен, жеткілікті аудиториялық қорлармен қамтамасыз етілген.

Біз, Қазақстанның болашағын дайындап жатқанымызды нық сеніммен айта аламыз, себебі біздің түлектеріміздің көпшілігі Қазақстан қоғамының элитасын құрастырады және еліміздің даму бағытының қалыптасуына ат салысады. Бұл - біздің маңызды нәтижеміз, онымен мақтан етеміз және болашаққа деген сеніммен қараймыз.

Сіздерді университетімізге шақырамыз! М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне қош келдіңіздер!

А.А. ТОҚТАБЕК, А.Е.ОТУНШИЕВА, «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті, «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистрлері, аға оқытушылары

50 лет: хронология жизни студентов КазХТИ

...Пусть годы проходят, но там, где расстались, мы встретимся нынче вновь...



Вот таким был наш главный корпус института, в котором мы занимались 5 учебных лет.

В этом году исполняется 50 лет, как мы закончили Казахский химико-технологический институт (КазХТИ).

Глядя на общую фотографию выпускников, невольно вспоминаешь наших преподавателей по спец. дисциплинам: вяжущих материалов – Лугинину И.Г., Лугинина А.Н., Карибаева К.К., Имашева М.К.; по керамике-Сливко В.И., Балакирева А.А., Рухлина Н.Г.; по стеклу – Абдувалиева Т.А., Тропину Л.Г., по петрографии и рентгенофазовому анализу – Шарафиева М.Ш. Конечно, теперь уже их нет в живых, но светлая память об их человечности и профессионализме остается в наших сердцах.

Поступив в КазХТИ, поехали на строительство кошар для животных в Сузакский район. Это была полупустыня, безлюдное место, лишь в нескольких километрах располагался аул. Трудности были со снабжением нашего стройотряда продуктами. Молодость, бесшабашность, свежий воздух, чувство «локтя» помогали не замечать этого. Строительство шло не по дням, а по часам. Питались лапшой, хлебом, а местный сторож-пастух по имени Абдулла, подкармливал нас еще арбузами и дынями с местной бахчи.

Вернулись со строительных работ загорелые и упитанные. Конечным результатом нашего пребывания в стройотряде было 4 построенных кошары. Строительным материалом был саманный кирпич, который формовали сами из глины и соломы. О нашей работе в стройотряде был снят фильм под названием «И ни каких гвоздей!», занявший в Болгарии первое место среди фильмов о студенческой жизни. Создатели фильма – студенты старших курсов КазХТИ – Михаил Григорян, Иманали Ахметов, Александр Инков, Женис Ибрагимов.

Потом была первая производственная практика на предприятиях по профилю. География мест практики была обширная: Куvasайский цементный комбинат; Чимкентский цементный завод; Чимкентский АЦК; Волгоградский гипсовый завод по производству отделочных материалов.

Вспоминаются праздничные дни, когда дружно, с надувными цветными шарами и плакатами выходили на демонстрации 1-го Мая и 7 ноября. Маршрут продвижения колонн был небольшим, зато было время для общения друг с другом и с преподавателями.

Были первые свадьбы в нашей студенческой жизни: Тани Худяковой, Любы Наумовой, Зои Шулик.

На 3- 5-ом курсах института мы вплотную занимались научной работой.

В то время наши занятия и все научные исследования проводились в главном корпусе института, на первом этаже, левом крыле здания. Аудитории были небольшими, но располагающимися к работе. А уют и тепло в них создавали «командующие» в

них лаборанты: Зинаида Петровна Тиманова, Екатерина Денисовна Миронова и др. Они знали многое, окончив наш политехнический техникум, были хорошими аналитиками, исследователями, умели расшифровывать рентгенограммы и многое другое, что важно было для нас, познающих «казы науки».

Работая на хлопке, мы еще крепче сдружились. Помогали собирать хлопок отстающим, как у всех молодых, не обходилось без хитростей – подкладывали камни в мешок с хлопком, чтобы больше был вес хлопка при сдаче. Это были наши шалости.

Работы сообща формировали наш характер, сплачивали. И потом, сдавая сессии на протяжении всех лет учебы, мы не разбегались по своим делам, а ждали последнего товарища с экзамена.

На преддипломную практику нас распределяли по разным предприятиям: Ашхабадский стекольный завод им. В.И. Ленина (Туркмения), Токмакский стекольный завод (Киргизия), Константиновский стекольный завод по производству сталинита, ситалла (Украина), Ленинградский фарфоровый завод им. М. Ломоносова.

Что же давала нам практика? Мы выросли, чувствовали рабочую обстановку, нам не страшно было ехать на предприятия по распределению и занимать ответственные посты по образованию. И когда нас спрашивали, откуда Вы, мы с гордостью отвечали, что мы из КазХТИ. К нам почтительно относились на работе.

По окончании вуза два выпускника нашего потока: В.С.Зубаков и Т.М.Худякова остались в институте для продолжения учебы в аспирантуре. Оба потом успешно защитили свои диссертации на соискание кандидата, а Т.М. Худякова, еще и доктора технических наук. Нам есть кем гордиться: Виктором Кундиусом, работавшим вначале главным инженером, а затем директором на Целиноградском (г.Нур-Султан) комбинате стеновых материалов; Таней Мишуровой – главным технологом и начальником ПТО этого же завода; Алмабаевым Сатбеком – заслуженным строителем Казахстана.

Мы продолжаем встречаться и сегодня, хоть со временем рedeют наши ряды, но жизнь идет вперед, и мы стараемся идти с ней в ногу. Ведь это главное – душой не стареть и не черстветь, помнить все, что было, понимать настоящее и мечтать о будущем. На этот раз мы собираемся как всегда, у входа главного корпуса КазХТИ, теперь ЮКГУ им. М. Ауезова. До встречи, дорогие сокурсники и сокурсницы!

От выпускников КазХТИ:
д.т.н. профессор Т.М.Худякова,
к.т.н., доцент В.С.Зубаков,
В.П. Шалимова, к.т.н. доцент
Н.Г.Нестеренко



Наш факультет – силикатный, а специальности были следующие по группам: группа № 114- химическая технология вяжущих материалов; группа № 124-керамика и огнеупоры; группа № 134- стекло и изделия.



Эта свадьба в диетической столовой по улице Коммунистической у Зои Шулик-силикатчицы 4-го курса (1967г) со строителем Анатолием Липиным.



А на этой фотографии - мы в г. Ленгер на свадьбе силикатчиков Татьяны Мишуровой и Виктора Кундиуса.



А здесь проходит консультация по научному разделу дипломного проекта. Консультирует дипломников д.т.н. Лугинина И.Г.



На этой фотографии Валя Шалимова. Она уже сдала свои килограммы хлопка.

На этой фотографии мы на студенческой конференции. Идет итоговое обсуждение представленных докладов. Выступает к.т.н. Лугинин А.Н.

ӘН МЕН ЖЫР ДОДАСЫ

Жуырда жыл сайын ұйымдастырылатын «Поэзиада-2019» және «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Бұл іс-шараға «Құрылыс және Көлік» факультетінің студенттері қатысты.

Іс-шараның мақсаты - студенттерге поэзия құдіреті арқылы қазақ деген ұлы халықтың болмысы мен бітімінің ұлылығын дәріптеу, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға шақыру, поэзияның құндылығына көз жеткізіп, оларды елін, жерін сүюге, Отанын қорғауға, патриоттыққа тәрбиелеу.

Айтулы іс-шара факультеттің 2 курс студенті Шайырбеков Ерасылдың орындауындағы Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен ашылды. Одан әрі факультет деканы өткізіліп отырған тағалымды шараны ұйымдастырушыларға, іс-шараға қатысушыларға алғысөзін арнады.

Сонынан 1 курс студенті Қудайбергенова Аяулым «Любовь настала» әнін тамылжыта орындады.

Елбасы Н. Назарбаев Жолдауында: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деп пайымдаған. Қазақстанның жастары –еліміздің тағдырын шешуге дайын бірден-бір алға тартар күш болып табылады. Сонымен қатар еркін тақырыпта монологымен Құттыбай Думан өнер көрсетті.

Студенттер арасында жүргізілген сайыс қорытындысы бойынша өз шығармашылығымен көзге түскен ЭФ-18-4К тобының студенті А.Жаныкулова гран-при иегері атанды. Сондай-ақ 1 орынға – СМ-18-5К3 тобының студенті Д.Турдикулова, 2 орынға ИП-18-8К2 тобының студенті Б.Оразкожа, 3 орынға СМ-18-5К3 тобының студенті С.Каден лайық деп танылды.

«Іс-шараны түйіндей келе, біз, жастар, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тамырын тереңдететін, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, қазақ елінің атын күллі әлемге паш ететін, болашақ, алып ұландары болуға бар күшімізді саламыз! Қазақстанның мәртебесін бірге көтерейік, достар!»-дей келе, «Туған елім» әнімен қатысушылар іс-шараны аяқтады. Сонымен қатар ұстаздар осы өткізілген іс-шара жайында әңгімелер қозғап, ақындар жайлы естеліктерімен бөлісті.

М.А.МУСАНТАЕВА,
А.А.ДАРИБАЕВА,
«Құрылыс және көлік» факультеті
«Техникалық мамандықтар бойынша орыс тілі» кафедрасының аға оқытушылары

ПЕДАГОГ. ҒАЛЫМ. БАСШЫ



ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның Педагогика ғылымдары академиясының академигі, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі. Ғибратты ғалымды мерейлі, кемел шағы - пайғамбар жасына толуымен шынайы құттықтап, көпшілік оқырман қауымды оның өмір, білім, ғылым жолымен толыққанды таныстыруды жөн көріп отырмыз.

Әбдіманап Әбдіразақұлы Жолдасбеков 1956 жылы 25 мамырда Келес ауданының «Келес» кеңшарындағы Бірінші мамыр бөлімшесінде (қазіргі Қошқарата ауылдық әкімдігіне қарасты Бірінші мамыр ауылы) дүниеге келген. 1971 жылы Бірінші мамыр сегізжылдық, 1973 жылы кеңшар орталығы - Бесқұбыр ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебін бітірген. 1973 жылы Шымкент педагогика институты (қазіргі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті) физика-математика факультетінің студенті атанған.

1979 жылы аталмыш жоғары оқу орнын физика, еңбек және жалпы техникалық пәндер мамандығы бойынша тәмамдаған.

Өзінің еңбек жолын 1979 жылы Сарыағаш ауданының «Әлімтау» кеңшарындағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепте мұғалім ретінде бастаған. Кейіннен мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып қызмет істеген.

1986 жылдың қаңтар айынан бастап Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтына оқытушылық қызметке келеді.

1988 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) аспирантурасына түседі. Сөйтіп, Әбекең үш жыл

оқитын аспирантураны мерзімдерінен үш ай бұрын бітіріп шығады. 1991 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымының кандидаты ғылыми атағын алады. 1994 жылы доцент атанған. 1996 жылдан Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Халықаралық туризм және сервис кафедрасының меңгерушісі болған. 2005 жылы «Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі» -13-00-08 мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғап, 2008 жылдан профессор атағын алған. 2012 жылдан қазіргі күнге дейін дене тәрбиесі және спорт факультетінің деканы қызметін атқарып келеді.

Ол екі рет - 2005 және 2011 жылдары «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының иегері атанған. 480 ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы, соның ішінде 15 оқулық, 14 оқу құралы, 3 монография, 8 патент және 24 импакт-факторы бар журналдардағы мақалалар, 6 СКОПУС журналдарында жарияланған. 2 Хиршасы (мұны ғылым адамдары жақсы түсінеді) бар. Оның ғылыми еңбектері егемен еліміздің жоғары оқу орындарында қолданылып келеді. Осы ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің арасынан, әсіресе, мыналарды бөле-жара атауға болады:

1. «Креативті психология». Алматы. 2013. - 420 бет, оқулық;
2. «Теория и методика воспитательной работы». Учебник. - Алматы, 2016. - 348 стр.;
3. «Кәсіби білім беру педагогикасы». Оқу құралы. - Алматы, 2016. - 217 бет;
4. «Совершенствование педагогического мастерства». Учебник.-Алматы, 2017.-200 стр.

Белгілі ғалым ретінде 2001 жылы Кипрдің Ларнак, 2006-2010 жылдары Ресейдің Мәскеу, 2006, 2011, 2013, 2015, 2018 жылдары Түркияның Стамбул, Анталия, 2009 жылы

Оңтүстік Кореяның Сеул, 2010 жылы Испанияның Сарагоса, 2011 жылы Францияның Париж қалаларында өткен Халықаралық дәрежедегі конференцияларға қатысып, тікелей баяндамалар жасаған.

Ә.Жолдасбековтың ғылым жолында осы уақытқа шейін тікелей пікірлесіп, әдістеме алмасып жүретін шетелдік ғалымдар өте көп. Атап айтқанда, доктор, профессор Шиам Пагиар (Ұлыбританиядағы Лонджрино колледжі), Алекс Шутен (Испаниядағы Майорка университеті), Юнг Синг (Оңтүстік Кореядағы Хаома университеті), Ахмет Акташ (Түркиядағы Акдениз университеті), Джемал Окман (Түркиядағы Балыкесир университеті), Т.Н.Ананьева (Ресейдің Мәскеу қаласындағы РГУТиС), Ю.И.Родин, А.Л. Дмитриев (Ресейдегі Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті) -- солардың санатында. Байқап отырсаңыздар, Әбекең сонау Қиыр Шығыстағы Оңтүстік Кореяның Сеул қаласынан бастап, Испанияның Мадрид Сарагоса, Барселонаға дейінгі, Кипр, Египет, Түркия, Ресей, Украина, Франция елдерінде болып, Қазақстан ғылымын паш ете білді. Бұл - оның төрткүл әлемде іргелі ғалым ретінде мойындалып, танылғанын айқындайтын фактор.

Ә.Жолдасбековтың жетекшілігімен екі ғылым докторы, жеті ғылым кандидаты, 50-ден аса магистрлер даярланған.

Ә.Жолдасбеков басқаратын факультеттегі студенттерге білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізіледі. Кредиттік технология, сапа менеджменті, Болон процесі деген білім беру саласындағы жиі қолданылатын сөздер академиялық ұтқырлық, профильді оқыту, дуальді білім беру, білім беру бағдарламасы деген әлемдік білім беру кеңістігіндегі терминдермен ұласып, осы тұрғыда факультетте заманауи үлгідегі жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Барлық мамандықтардың студенттеріне Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында, жақын және алыс шет елдердің университеттерінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша толық оқу мүмкіндіктері жасалған.

Бір ауыз толтырып айтарлық мәселе -- Әбекең басқаратын факультет өткен 2018 жылдың рейтингтік қорытындысы бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың 12 факультеті ішінен топ жарып, бірінші орынды иеленген. Ал қысқы емитхан сессиясы көрсеткіші бойынша факультет екінші орынды еншілеген. Бұл дегеніміз - оның ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым ғана емес, білікті басшы екенінің де жарқын көрінісі.

Туған-туыстары жөнінде айтатын болсақ, қарындасы Сауле Әбдіразаққызы Жолдасбекова -- педагогика ғылымының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессоры. Бес қызының арасынан Бибісара мен Қарлығаш - ғылым кандидаттары. Ұлы Бақытжан магистратурада оқиды. Ал келіні Қаракөз биыл университетті бітіргелі отыр. Бұл дегеніміз - Әбекең өзі ғана емес, бүкіл отбасымен Қазақстан білімі мен ғылымына сүбелі үлес қосып жүр деген сөз.

Әр пенденің адами кескін-келбеті мен рухани құндылығы оның ғибратты өмірінің жарқыраған сәулесіндей мәңгі көз алдында сақталатыны анық. Адам баласының ізгілікті қасиеті оның жастық шағынан қалыптасып, есейе келе дамып, өз қанатын жан-жағына жая бастауы да жақсылықтың нышанын іспеттес. Өзінен жасы үлкен ағаларының жақсылық жақтары, адамгершілігі, даналығы, көпшілдігі, бауырмалдығы, жолдастарына деген таза сыйластығы, басқаларға қамқорлығы және рухани байлығының дамып, жоғары деңгейде көрінуі кез келген адам үшін әсерлі болмақ. Мұндай биік тұлғалы адамдар саусақпен санарлықтай ғана десек, бұған адал ниетті азаматтар қарсы бола қоймас. Өзінің жастық шағынан бастап өмір бойы сый-сияпатқа, құрметке бөленген, еліне танымал ғалым, ұстаз әрі іргелі оқу орнында басшылық қызметті абыроймен атқарып, пайғамбар жасына толып отырған педагог, ғалым, басшы Әбдіманап Әбдіразақұлы Жолдасбековке: «Әбеке, егемен еліміздің білім, ғылым саласына бергеніңізден әлі де береріңіз көп. Өскелең жас ұрпақ тәрбиелеу жолындағы қызметіңіз жемісті жалғаса түссін!» деген ізгі тілек білдіргіміз келеді.

Айдар БАЛАБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың
кафедра меңгерушісі

МАҢЫЗДЫ ЖОСПАР

Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы 20 мамырда үкіметтің кеңейтілген отырысында бес институционалдық реформаны жүзеге асыратын 100 нақты қадамды белгіледі. «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-кәтерлерге жауап және жаңа тарихи жағдайда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Бұл жоспардың негізгі мақсаты - мемлекетті өзгерту, дамыту және өркендету. Жоспардың негізіне бес институционалдық реформа кірді: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік және бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру. Тәуелсіз мемлекеттердің арасында Қазақстан осындай көлемді жоспармен ерекшеленіп тұр. Тіпті, Италияның Жоғары геосаяси зерттеулер мен аралас ғылымдар институтының президенті Тиберио Грацианидің назарын аударып, ол жоспар туралы: «Мұндай реформалар Қазақстанға ғана емес, бұған сын-кәтерге толы ғасырдағы әлемнің барлық мемлекеттері де мұқтаж», - деді. Бес институционалдық реформа экономикалық өсудің орташа қарқынын қалпына келтіруге, халықтың әлеуметтік жағдайына негіз болды.

Бірінші реформа - «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», ол үшін 15 нақты қадам белгіленген. Бұл бөлімде мемлекетке қажетті кадрларды іріктеу, сонымен қатар білікті де тәжірибелі мамандар санын көбейту. Кәсіби мамандармен қоса, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы арнайы іс-қимыл бөлімдерін құру. Екінші институционалдық реформаны, яғни «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» үдерісінде нақты 19 қадам ұсынылған. Бұл кешенді бөлімде заңның үстемдігін қамтамасыз ету барысында сот төрелігіне көбірек мән берілген. Әсіресе, қазіргі іс жүргізудегі бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот төрелігі жүйесіне ету ұсынылған. Институционалдық реформаның үшінші жүйесі «Индустрияландыру және экономикалық өсім» деп аталып, 50 нақты қадамнан түзілген. Бұл ең үлкен жүйе болып қоғамның негізі саналатын экономикаға, оның даму бағытын белгілейтін индустрияландыруға бағышталған. Бұл блокта әліге дейін өз шешімін таппаған экономиканың түрлі салаларындағы мәселелер бойынша нақты қадамдар белгіленген. Әсіресе, салық салу жұмыстарын жетілдіру; азаматтардың кірісі және шығысын жариялауды кезең-кезеңімен енгізу; экономиканың басым секторындағы халықаралық бірлескен кәсіпорындар құру; Төртінші институционалдық реформаны қоғам өміріне қолданудағы айрықша ерекшелік – «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу. Бұл нақты қадам арқылы Қазақстан жастарын «Мәңгілік ел», «Үлкен ел – үлкен отбасы», «Менің елім», «Нұрлы жол», «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы», «Нұрлы болашақ» идеяларын оқып, өз бойына сіңіріп, қоғамның белсенді азаматтары тәрбиелеп, жетілдіруге тікелей көмектесу. Институционалдық реформаның бесіншісі - «Есеп беретін мемлекеттілікті қалыптастыру», оны жүзеге асыру үшін «Он нақты» қадам ұсынылған.

Бұл қадамдардың әрбірін жүзеге асыру үшін өз алдына дербес іс-шаралар кешенін әзірлеп шығуға тура келеді. Оны амалға асыру үшін арнайы ұлттық комиссия құрылған. Кәсіпорын, мекемелерде де ұжым мүшелерімен тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жергілікті аппараттық құралдарында арнайы айдарлар ашылған, оларда оқырмандардың пікірлері жариялануда, сала басшыларымен брифингтер өткізілуде.

Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары Қазақстан халқын жарқын болашаққа бастайтын, ел бірлігін нығайта отырып, орнықты дамуға кеңінен жол ашады. Қорыта келгенде, «100 нақты қадам» атты жоспар елімізді тағы бір белеске көтеруге қызмет етеді. Елбасы қойған асқаралы міндеттерді жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуға барша халқын шақырып отыр. Бұл жоспар осындай маңыздылығымен, өзіндік құндылығымен ерекше.

Акерке НУРАХМЕТ,
ЭФ-18-8К2 тобының студенті,
Жұлдыз ТУРЕКУЛОВА,
PhD доктор, аға оқытушы, жетекшісі

Франция начинается с ЮКГУ

Фестиваль «Франкофонная Весна-2019 в Казахстане» подошел к своему финалу. В этом году старт ему был дан в ЮКГУ им М.Ауэзова в Шымкенте и последнее мероприятие, встреча с французским фотографом Эриком ВАЗЗОЛЕРОМ, тоже прошло в ЮКГУ им. М.Ауэзова, а именно во Французском Альянсе, который находится в корпусе «Г» со дня своего основания.

Несмотря на то, что слово ФРАНКОФОНИЯ звучит среди франкофилов довольно часто хочется напомнить его значение. Впервые термин «франкофония» был употреблен в 1880 году французским географом Онезимо Реклю, который в своей научной классификации жителей планеты решил исходить от языка, на котором они говорят. Вплоть до официального учреждения франкофонии как международного института это понятие обозначало географические территории, где распространен французский язык, или совокупность людей, говорящих по-французски. В 1968 г. слово «франкофония» входит в словари, где получает два основных значения: говорить по-французски, «быть франкофоном», сообщество, состоящее из народов, говорящих на французском языке. Сейчас термином «Франкофония» обозначают международную межправительственную организацию.

Сфера культуры, образования и науки составляет немаловажный аспект двустороннего сотрудничества Казахстана и Франции. Этой цели служит сеть Французских Альянсов Казахстана, представленная в Алматы, Астане, Шымкенте. Прочную основу для дальнейшего укрепления сотрудничества в области образования заложило **Межправительственное Соглашение о сотрудничестве в сферах высшего образования и исследований**, подписанное 1 марта 2013 г. в ходе визита Министра иностранных дел Франции Л.Фабиуса в Астану. В этом же году во время визита в Алматы Министра по делам франкофонии было подписано **Соглашение о создании Университета «Сорбонна-Казахстан» на базе КазНПУ им.Абая.**

В 2015 года в ходе визита Главы государства Н. Назарбаева во Францию была подписана **Совместная Декларация Министра образования и науки РК и Министра высшего образования и науки Министерства национального образования, высшего образования и науки Французской Республики**, которая предусматривает развитие научного сотрудничества и сотрудничества в области

высшего образования, в том числе, в сфере профессиональной подготовки. И это развивающееся и перспективное сотрудничество. Второй год работает грантовая программа АБАЙ-ВЕРН для магистратуры и докторантуры. В настоящее время три студента ЮКГУ им.М.Ауэзова обучаются по этой программе во Франции, сейчас готовятся документы для трех студентов ЮКГУ, которые, благодаря знанию французского языка, поедут на один семестр во французские вузы.

«Франкофонная Весна-2019 в Казахстане» - настоящий праздник французского языка и культуры. В Шымкенте было проведено большое количество различных мероприятий на любой вкус, в которых приняло участие много людей. Это и фестиваль франкофонного театра, и диктант Послов, и полуфинал 11 Национального конкурса франкофонной песни, и чтение комикса «Астерикс из Галлии» на французском и казахском языке в переводе студента ЮКГУ им.М.Ауэзова Диаса КУРАЛБЕКА с учащимися школ города в городской библиотеке ОТЫРАП, и фестиваль франкофонного кино, и встречи с интересными людьми, и детский конкурс франкофонной песни, и многое другое.

Французский Альянс выражает огромную благодарность руководству университета за сотрудничество, всестороннюю поддержку и помощь в осуществлении задач нашего объединения. Вместе мы сможем много!



Меншік іесі: М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат
министрлігінде тіркеліп, 451-Г
куәлігі берілген

Редактор: Ольга Зорина
Көркемдеуші: Наиля Заббарова
Тілші: Мадина Сералиева
Оператор: Танзила Ашимова
Фото: Олег Ким

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған.
Шымкент қ., тел.: 21 36 67,
А. Байтұрсынов көш., 18.
Редакция мекенжайы:
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
тел.: 8 (7252) 30 08 40
Тапсырыс
Таралымы 1500 экз.

Газета Южно-Казахстанского
государственного университета
имени М. Ауэзова

Газета зарегистрирована в
Министерстве информации РК
(свидетельство № 451-Г)